

ӘОЖ 338.1

КӘСІПОРЫННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Нұрланұлы Абдул-Хасен

a-h_99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б.Майдырова

Кәсіпорынның экономикалық стратегиясын жасаған кезде экономикалық өсудің әлеуетінің шектеулілігін және перспективаларын анықтайтын объективті факторларды ескеру қажет. Экономикалық стратегияның қалыптасуы қаржылық жағдайды үлгілеу, өзгерістердің қажеттілігін айқындау, сонымен қатар келешек өзгерістердің сипатын және бағытын болжау қабілеттілігі негізінде жүзеге асады.

Өзінің өмірлік циклінің әртүрлі сатыларында болатын кәсіпорынның қаржылық қызметінің өзгешелігі инвестициялық қажеттілігінің әртүрлі деңгейлерден (сәйкесінше, қаржылық ресурстардың жалпы көлемінің өсімінің әртүрлі қарқындылығымен), қарыз капиталды тартудың әртүрлі мүмкіндіктерден, қаржылық операциялардың әртараптандыру деңгейінен және қаржылық тәуекелдің деңгейінен құралады.

Құрылу сатысында кәсіпорын қаржылық саладағы ақша қаражаттармен байланысты қиыншылықтар түрінде пайда болатын мәселелермен кездеседі. Кәсіпорынға тек шаруашылық шығындарды жабу үшін ғана емес, сонымен бірге алдағы кәсіпорын дамуына қажетті инвестицияларды жұмсау үшін қаражаттарды іздестіру керек.

Даму сатысында кәсіпорынның ақша қаражаттармен байланысты мәселелер кәсіпорынның қызметінен алынаты пайдасы негізінде шешіледі және кәсіпорынның мақсаты рентабельділігінен экономикалық өсуіне ауысады. Егер де кәсіпорын құрылу сатысында қысқа мерзімді қаржыландыру қаражаттарын іздестірсе, ал даму сатысында кәсіпорын инвестициялау арқылы өсуін қамсыздандыратын орта және ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерін тартады.

Шарықтау сатысында кәсіпорын өзінің иелігіндегі барлық өндірістік, техникалық және коммерциялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып максималды табысты алуға тырысады. Кәсіпорын өнімінің моральды тозуына (ескіруіне) байланысты кәсіпорын ары қарай даму үшін жаңа қаржылық мүмкіндіктерді қолдануға тырысады.

Экономикалық құлдырау кезінде кәсіпорынның негізгі мақсаты – нарықтағы өз орнын сақтап қалу, сәйкесінше қаржылық мақсаты – қаржылық тепе-теңдікке жету болып табылады.

Осылайша, өмірлік циклдің әрбір сатысында кәсіпорын қаржылық икемділігіне ие болу қажет, яғни әр түрлі көздерден ақша қаражаттарын тарту, төлемқабілеттілік деңгейін және өзгерген шарттарға сәйкес қызмет ету бағытын реттеу қабілеттілігіне ие болу.


Кәсіпорынға тек нарықта өз орнын сақтап қана қоймай, сонымен қатар нарықта даму үшін әрдайым шығындар мен өндіріс нәтижелері арасында оңтайлы ара-қатынасқа ие болу керек; капиталды жұмсаудың жаңа формаларын іздестіру, өнімді тұтынушыға дейін жеткізудің жолдарын жетілдіру немесе жаңа тиімді жолдарын іздеу, бағалық және тауарлық саясатын жүргізу және т.с.с. [1]

Экономикалық ғылымдар докторы, профессор И.А.Бланк кәсіпорынның экономикалық даму стратегиясын қалыптастыру кезінде ескерілетін факторлардың, оларды кәсіпорын тарапынан бақылау мүмкіндіктеріне және жеке шарттардың әсер ету сипатына байланысты факторлық классификациясын жасаған:

1. Сыртқы қаржылық ортаның жанама әсер етуші факторлары;
2. Сыртқы қаржылық ортаның тікелей әсер етуші факторлары;
3. Ішкі қаржылық орта факторлары. [2]

Микроэкономикалық деңгейде кәсіпорынның экономикалық өсу мәселесі бағытталған және заңды түрдегі өзгерістеріне сәйкес экономикалық даму мәселесіне айналады. Басқа сөзбен айтқанда, кәсіпорынның экономикалық дамуы өз кезегінде бағытталған жүйелік қызметі ретінде көрінеді, ал кәсіпорынның өзі алдына қойылған мақсаттарға (мақсат бағдарлары) жету құралы ретінде көрініс табады.


Кәсіпорынның экономикалық дамуы өткізу көлемінің өсуіне, сәйкесінше, табыстың өсуіне, өз кезегінде кәсіпорынның инвестициялық тарымдылығының дамуына әкелетін ресурстарды инвестициялау нәтижесінде оның активтердің үзіліссіз өсу үрдісі ретінде анықталу мүмкін. Кәсіпорынның экономикалық дамуын сызбанұсқа ретінде көрсетуге болады (сурет 1).



Ескерту – автормен құрастырылған

Сурет 1 Кәсіпорынның экономикалық даму сызбанұсқасы

Кәсіпорынның дамуы қызмет саласын кеңейтуі және кәсіпорынның интеграциондық қызмет нәтижесінде (интеграциондық өсу) жүзеге асуы мүмкін (сурет 2).



Ескерту – автормен құрастырылған; [3] дерек көзінің мәліметтері пайдаланылған
 Сурет 2 Кәсіпорынның даму үлгісі

Ішінара кеңейту үрдісі кезінде кәсіпорынның ресурстар көлемінің ұлғаюы оның өндірістік қуаттылығының аруты алып келеді, алайда, ондай өсу кәсіпорынның өнім сұранысының өсімімен шектеледі, дегенмен, өнімге деген сұраныстың көлемі кәсіпорынның өндірістік қуаттылығымен шектеледі.

Кез келген кәсіпорынның дамуына және экономикалық өсуіне көптеген сыртқы, ішкі, негізгі, жанама, экстенсивті, интенсивті және т.с.с. факторлар әсер етеді. Негізінен, кәсіпорынның экономикалық өсу динамикасының жалпылама көрсеткіші ретінде белгілі бір кезең ішіндегі табыстың, пайданың көлемі және рентабельділік көрсеткіштері қарастырылады. Ал жеке көрсеткіштерге еңбек өнімділігі, өндіріс тиімділігі және т.б. кіреді. Кәсіпорынның дамуы мен кенеюі екі түрлі үлгілермен жүзеге асуы мүмкін: экстенсивті және интенсивті. Бұл факторлар 3 – ші суретте көрсетілген.

Экстенсивті экономикалық өсу кәсіпорын деңгейіндегі қалыптасқан барлық өндіріс факторлардың қатынасын сақтап, көлемін ұлғайту, оған келесі факторлар жатады: еңбек құралдары, еңбек заттары мен жұмысшылар саны.

Интенсивті экономикалық өсуі прогрессивті (ресурстарды үнемдеуші) техника мен технологияларды, ғылым жетістіктерін пайдалану мен жұмысшылардың біліктілігін арттыруға негізделеді. Нәтижесінде, кәсіпорын қызметінің тиімділігі өседі, оның ішінде еңбек өнімділігі, ресурстардың үнемдеуі және өнім сапасы жоғарылайды. Алайда экономикалық өсуінің ең жоғарғы деңгейіне жету үшін экстенсивті және интенсивті факторларды үйлестіріп пайдалану керек.



Ескерту – автормен құрастырылған; [2] дерек көзінің мәліметтері пайдаланылған

Сурет 3 Кәсіпорынның экономикалық өсуіне әсер ететін факторлар

Жоғарыда ұсынылған факторларды біріктіретін критерий – кәсіпорынның қаржылық жағдайы болып табылады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеу үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді. Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлемқабілеттілігі мен несиеқабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы.

Яғни, кәсіпорынның экономикалық өсуіне әсер ететін маңызды факторлардың қатарына сол кәсіпорынның төлемқабілеттілігі мен несиеқабілеттілігі жатады. Кәсіпорынның экономикалық өсуін экономикалық өсудің тұрақтылық коэффициенті арқылы сипаттауға болады.

Жалпы банктің төлемқабілеттілік пен өтімділігін басқару жүйесінің негізгі мақсаты табыстылықты максималды деңгейіне жеткізіп ақша ағымдардың тепе-теңдігін қамтамасыз ету болып табылады. Ақша ағымдары бір күн ішінде қысқа және ұзақ мерзімді болжамда (банктің күнішілік, ағымдық және құрылымыдық өтімділігі) қарастырылуы тиіс. Бұл үрдістер бір бірімен байланысты болады. Мысалы, банктің ақша талаптар мен міндеттемелердің жедел құрылымы қысқа мерзімді болжамда ақша ағымдар үшін негізін

құрайды, ал ол өз кезегінде банктің барлық жеке және клиенттік төлемдердің орындауына негіз болады.

Сонымен қатар, коммерциялық банктің тағы бір жолы – банктің төлемқабілеттілігін және өтімділігін қысқа және ұзақ мерзімде болжап жоспарлау болып табылады. Бұл банктің басқару менеджерлеріне жоспарланатын оқиғалардың пайда болу алдында қаражаттарды сырттан тартудың тиімді жолдарын іздестіру бойынша шешімдерді қабылдауға көмектеседі. Бұндай жоспарлау қаржыландыру көздерінің оңтайлы жиынтығын анықтау және банкке қажетті артық резервтердің көлемін азайту арқылы қаражаттарды тартудың құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Давыдова Л.В. Ильминская С.А. «Факторы экономического роста предприятий.» // Издательский дом «Финансы и кредит» — 2005. — 12(180) — С. 18-22. — <https://cyberleninka.ru/article/v/factory-ekonomicheskogo-rosta-predpriyatiy>
2. И.А.Бланк. Кәсіпорынның қаржылық стратегиясы. // Ника-Центр — 2006. — №10.1. — С. 66-69.
3. Андросов Д.В. Головин А.А. «Измерение и факторы экономического роста» // Издательский дом «Финансы и кредит» — 2010. — 14(120) — С. 36-39. — <https://cyberleninka.ru/article/n/izmerenie-i-factory-ekonomicheskogo-rosta>